

Байганин аудандық мәслихатының мемлекеттік тіркелген
нормативтік құқықтық актілері

"Байганин ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы"

Ақтөбе облысы Байганин аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 ақпандагы № 110 шешімі.
Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 наурызда № 3795 санымен тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысының 2 тармағына сәйкес, Байганин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қоса беріліп отырған Байганин ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы

Г. Елеуова

Аудандық мәслихат
хатшысы

Б. Турлыбаев

КЕЛІСІЛДІ:

Ақтөбе облысы

әкімінің орынбасары

С.НҰРҚАТОВА

2014 жыл « ____ » _____

Байғанин ауданында алеуметтік көмек көрсетудін, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың
Қағидалары

1. Осы Байғанин ауданында алеуметтік көмек көрсетудін, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан ері - Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және езін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Занының 31 бабының 1 тармағының 24) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 «Алеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысының 2 тармағына (бұдан ері - Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді және алеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

- 1) атаулы күндер - жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;
 - 2) арнайы комиссия - өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты алеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қараша бойынша Байғанин ауданы әкімінің шешімімен құрылған комиссия;
 - 3) ең төмен құнқоріс деңгейі - Ақтөбе облысының статистика органды есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;
 - 4) мереке күндері - Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;
 - 5) отбасының (заматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жылшылық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;
 - 6) өмірлік қызын жағдай - заматтың тыныс-тұршылғын объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше енсере алмайтын ахуал;
 - 7) үәкілетті орган - жергілікті бюджет есебінен қаржыланырылатын, алеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Байғанин аудандық жұмыспен қамту және алеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
 - 8) үәкілетті үйым - "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты алеуметтік қорғау Министрлігінің Зейнетакы тәлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Байғанин аудандық филиалы;
 - 9) участекілік комиссия - алеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Байғанин ауданы әкімінің шешімімен құрылған комиссия;
 - 10) шекті шама - алеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.
3. Осы Қағидалар Байғанин ауданында тұрақты тұратын адамдарға қолданылады.
4. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына «Байғанин аудандық жұмыспен қамту және алеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен Үлгілік қағидалармен және осы Қағидалармен белгіленген тәртіппе алеуметтік көмек беріледі.
5. Алеуметтік көмек ретінде жергілікті аткарушы орган мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан ері - алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысандарда көрсетептін көмек түсініледі.

6. Элеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

7. Элеуметтік көмек көрсету үшін атаулы құндер мен мереке құндерінің тізбесі:

9 мамыр - Женіс күні;

1 маусым - Халықаралық балалар күні;

қазанның екінші жекеңісі - Мугедектер күні.

2. Элеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі
және әлеуметтік көмектің мөлшерлері

8. Ай сайынғы әлеуметтік көмек табысын есепке алмай көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мугедектеріне әлеуметтік түрмистық қажеттілігіне, айна 8 000 (секіз мың) теңге мөлшерінде;

2) үйде оқытын және тәрбиеленетін мугедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне бір мугедек балаға, айна 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) онкологиялық аурулардан зардал шегетін азаматтарға, КТВ инфекциясын жүктүрган және туберкулездің әртүрлі түрімен ауыратын наукастарға, 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, медициналық мекемелердің тізімі бойынша амбулаториялық ем алу кезінде 6 айдан аспайтын мерзімге;

9. Атаулы құндер мен мерекелік құндерге табысы есепке алмай біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

9 мамыр - Женіс күніне орай:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мугедектеріне, 100 000 (жуз мың) теңге мөлшерінде;

2) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына және мугедектеріне тенестірілген адамдарға, 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

3) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларына тенестірілген адамдардың басқа да санаттарына, 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

4) мемлекеттік арнайы жәрдемакы алатын 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кеміндегі 6 ай әскери қызмет өткөрген және тылда жұмыс жасаған азаматтарға, 15 000 (он бес мың) теңге мөлшерінде;

5) мугедек деп танылмаған, екінші рет некеге отырмады, қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысушылардың әйелдеріне (куйеулеріне), 25 000 (жыныс бес мың) теңге мөлшерінде;

6) қайтыс болған ауғандық жауынгерлердің ата-аналарына және екінші рет некеге отырмады әйелдеріне, 25 000 (жыныс бес мың) теңге мөлшерінде;

7) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемакы алушы мугедектерге қазанның екінші Мугедектер күніне орай, 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде; жекеңісі -

8) 18 жасқа дейінгі балаларына атаулы әлеуметтік көмек алушы аз қамтылған отбасыларға 1 маусым - Халықаралық балалар күніне орай, 20 000 (жыныс мың) теңге мөлшерінде.

10. Әмірлік қызын жағдай туындаған кезде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мугедектеріне, 150 000 (жуз елу мың) теңгеге дейінгі мөлшерінде;

2) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына және мугедектеріне тенестірілген адамдарға, 100 000 (жуз мың) теңгеге дейінгі;

3) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына тенестірілген адамдардың басқа да санаттарына, 80 000 (сексен мың) теңгеге дейін мөлшерінде;

4) зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға, 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі мөлшерінде;

5) мугедектерге, оның ішінде 18 жасқа дейінгі мугедек баланы тәрбиелеп отырган адамдарға, 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі мөлшерінде;

6) саяси күйін-сүргін құрбандары, саяси күйін-сүргіндерден зардал шеккен адамдарға, 50 000 (елу мың) теңгеге дейінгі мөлшерінде;

7) көп балалы отбасыларға, 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі мөлшерінде;

8) жетім балаларға, ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйінің тулектеріне, 60 000 (алпыс мың) тенгеге дейінгі мөлшерінде;

9) аз қамтылған азаматтарға, 60 000 (алпыс мың) тенгеге дейінгі мөлшерінде;

10) онкологиялық аурулардан зардап шегетін азаматтарға, ҚТВ инфекциясын жұқтырган және туберкулездің әртүрлі түрлерімен ауыратын науқастарға, 80 000 (сексен мың) тенгеге дейінгі мөлшерінде.

Әлеуметтік көмек жоғарыда аталған тұлғаларға толық мемлекеттің қамтамасыз етуінде болмаған жағдайда көрсетіледі.

11. Азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұктаждар санатына жатқызу үшін:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың, немесе өртпің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу не алеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) Байғанин аудандық мәслихаты ең төмен құнкеріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.

12. Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қыын жағдайлар туындаған кезде алеуметтік көмек алу үшін өтініштерді қараша мерзімі:

өмірлік қыын жағдайлар туындаған сәттен бастап алты айдан кеш емес.

13. Өмірлік қыын жағдайлардағы азаматтарға, егер жолыққан сәттің алдындағы тоқсанда отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы Ақтебе облысы бойынша төменгі құнкеріс деңгейі мөлшерінен 1 еседен аспаса алеуметтік көмек көрсетіледі (кіріс есептелмей алеуметтік көмек көрсетілетін Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектерін қоспағанда).

14. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін алеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындауды және оны алеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

15. Осы Қағидалар күшіне енгенге дейін, оны алған Қағидалардың 8 тармағында көрсетілген тұлғаларға ай сайынғы алеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі. Жаңадан жолыққан өтініш иелері өтінішпен қоса мынадай құжаттарды тапсырады:

1) жеке басын қуәланьыратын құжатты;

2) өтініш иесінің алеуметтік мәртебесін анықтайтын құжатты;

3) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін раставайтын құжатты;

4) мүгедек баланың үйде оқыптылатынын раставайтын құжатты (мүгедек балалар үшін);

5) психологиялық - медициналық - педагогикалық кеңестің қорытындысы (мүгедек балалар үшін).

16. Отбасында екі және одан да көп, коммуналдық қызметтерді төлеу үшін ай сайынғы алеуметтік көмек алу құқығы бар тұлғалар болғанда алеуметтік көмек отбасындағы мүшесінің біреуіне олардың қалауы бойынша көрсетіледі.

17. Атаулы құндер мен мереке құндеріне алеуметтік көмек Қағиданың 9 тармағының 1) - 5) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға алушылардан өтініштер талап етілмей Зейнетакы төлеу жөніндегі мемлекеттік оргалықтың не өзге де үйымдардың ұсынысы бойынша ауданының әкімдігі бекітеп тізім бойынша көрсетіледі.

18. Атаулы құндер мен мереке құндеріне алеуметтік көмек осы Қағида күшіне енгенге дейін оны алған Қағиданың 9 тармағының 6) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға алушылардан өтініштер талап етілмей «Байғанин аудандық жұмыспен қамту және алеуметтік бағдарламалар белгілі» мемлекеттік мекемесінің ұсынысы бойынша аудандық әкімдігі бекіткен тізім бойынша көрсетіледі. Жаңадан жолыққан өтініш иелері өтінішпен қоса мынадай құжаттарды тапсырады:

1) жеке басын қуәланьыратын құжатты;

2) өтініш иесінің алеуметтік мәртебесін анықтайтын құжатты;

3) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін раставайтын құжатты.

19. Азаматтардың жекелеген санаттарының алеуметтік көмектің бірнеше түріне құқығы болғанда әртурлі атаулы күндер мен мереке күндері алеуметтік көмек түрінің біреуі көрсетіледі (мөлшер бойынша жогарысы).

20. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде алеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілдепті органға немесе қала, кент, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын қуаландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) Үлгілік қағидаларға 1-косьымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қызын жағдайдың туындағанын растайтын актінің және (немесе) құжатты ұсынады.

21. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және қошримелерде ұсынады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

22. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде алеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілдепті орган немесе ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекілік комиссияға жібереді.

23. Участекілік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағидаларға 2, 3-косьымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) алеуметтік көмекке мүжтаждығы туралы қорытынды дайындауды және оларды уәкілдепті органға немесе қала, кент, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Қала, кент, ауылдық округ әкімі участекілік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілдепті органға жібереді.

24. Элеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілдепті орган алеуметтік көмек көрсетуге ұсынған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұрапады.

25. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілдепті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілдепті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде алеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

26. Уәкілдепті орган участекілік комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

27. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде алеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде алеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

28. Уәкілдепті орган өтініш берушінің алеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның алеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде алеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы қағидалардың 24 және 25 тармактарында көрсетілген жағдайларда уәкілдепті орган өтініш берушіден немесе қала, кент, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде алеуметтік көмек көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

29. Уәкілдепті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушінің жазбаша хабардар етеді.

30. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша алеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

31. Элеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шакқандағы орташа табысы алеуметтік көмек көрсету үшін Байғанин аудандық мәслихат белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

32. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілептің әлеуметтік көмекті токтату және қайтару үшін негіздемелер

33. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Байғанин ауданынан тыс тұрақты тұруға кепкен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйескіздігі анықталған жағдайларда токтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап токтатылады.

34. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Корыныңды ереже

35. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алушы уәкілетті орган «Е-собес» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізіледі.